

Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикасы үшін Арнайы бағдарламасы шеңберінде Аймақтық консультативтік комитеттің бірінші сессиясын әзірлеу және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 ақпан N 211

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикасы үшін Арнайы бағдарламасы (бұдан әрі - СПЕКА) шеңберінде Аймақтық консультативтік комитеттің бірінші сессиясын (бұдан әрі - бірінші сессия) 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен әзірлеуді және 2001 жылғы 8 ақпанда Алматы қаласында өткізілуін қамтамасыз етсін.

2. Мынадай ұйымдық іс-шаралар жүзеге асырылсын:

1) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) бірінші сессия делегацияларының мүшелерін қабылдау, орналастыру және олар үшін естелік кәдесыйлар әзірлеу жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізісін, сондай-ақ СПЕКА бірінші сессиясына қатысушы мемлекеттер делегацияларының басшылары құрметіне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдау өткізілуін қамтамасыз етсін;

2) Алматы қаласының әкімі және Қазақстан Республикасы Президентінің

Іс Басқармасы (келісім бойынша) бірінші сессия делегацияларына Алматы қаласы әуежайының VIP-залы арқылы қызмет көрсетілуін және мәжіліс залдарының безендірілуін, баспасөз мәслихатын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Даниал Кенжетайұлы Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК